# ТӘЖІРБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

**Пәні:** «Сапаны қамтамасыз ету негіздері»
**Пән коды:** SQEN 4305
**ББ атауы және шифры:**6В10105 «Қоғамдық денсаулық сақтау»
**Оқу сағаты/кредит көлемі:** 120 сағат / 4 кредит
**Оқу курсы мен семестрі:** 4 курс, 7 семестр
Тәжірбелік (семинарлық және зертханалық) сабақтар: 30

**Шымкент, 2024 ж.**

Тәжірбелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Сапаны қамтамасыз ету негіздері» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

---

Хаттама № _15_ «_10_» _06_ 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:

м.ғ.к., қауым.проф. Сарсенбаева Г.Ж.

**№1 сабақ**

**1.Тақырыбы:** Денсаулық сақтаудағы аккредиттеу. Аккредиттеудің негізгі қағидалары.

**2. Мақсаты**: денсаулық сақтауда ғылым және білім беру пәні ретінде аккредиттеуді оқып үйрену. Аккредиттеудің қағидаларын оқып үйрену.

**3. Оқыту міндеттері:**

Студент білуі және істей алуы тиіс:

* Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты;
• Медициналық қызмет көрсету аясын бақылау жөніндегі мемлекеттік органның құзыретін;
* Аккредиттеу ережесін;
* Аккредиттеудің негізгі қағидаларын.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік саясат қандай қағидаттары.
2. Денсаулық сақтаудағы аккредиттеу.
3. Аккредиттеу ережелері.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат қалай іске асырылуда?
2. Денсаулық сақтау жүйесін бағалаудың негізгі мақсаты?
3. Медициналық қызмет көрсету саласында мемлекеттік бақылау неге бағытталған?
4. Аккредиттеудің қандай негізгі қағидаларын білесіз?
5. Аккредиттеудің қандай ережелерін білесіз?

**Шағын топтарға тапсырма**

1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат негізделген құжаттар.
2. Қазіргі таңдағы денсаулық сақтау саласындағы жұмыстардың жетістіктері.
3. Қазіргі таңдағы денсаулық сақтау саласындағы жұмыстардың кемшіліктері.

**№2 сабақ**

**1. Тақырыбы:** Аккредиттеу стандарттары. Аккредиттеу кезеңдері.

**2. Мақсаты:** аккредиттеу стандарттарын зерттеу. Аккредиттеу кезеңдерімен танысу.

**3. Оқыту міндеттері:**

Студент білуі және істей алуы тиіс:

1. амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін мекемелерді аккредиттеу стандарттары;
2. стационарлық көмек көрсететін мекемелерді аккредиттеу стандарттары;
3. жедел медициналық көмек көрсететін мекемелерді аккредиттеу стандарттары;
4. паллиативтік көмек және мейірбике күтімін көрсететін медициналық ұйымдарды аккредиттеу стандарттары.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін мекемелерді аккредиттеу стандарттарының маңызы.

2.Стационарлық көмек көрсететін мекемелерді аккредиттеу стандарттарының маңызы.

3.Жедел медициналық көмек көрсететін мекемелерді аккредиттеу стандарттарының маңызы.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1.Медициналық стандарттардың қандай түрлерін білесіз?
2.Әкімшілік-аумақтық бөлу бойынша стандарттаудың қандай түрлері бар?
3.Денсаулық сақтаудағы стандарттау жүйесін қалыптастыру кезінде қағидаларды іске асыру үшін қандай негізгі міндеттер шешілуі тиіс?
4.Қолдану механизмі бойынша стандарттау түрлері қандай?

**№3 сабақ**

**1. Тақырыбы:** Аккредиттеу комиссиясы. Аккредиттеу комиссиясының қызметі.

**2. Мақсаты:** аккредиттеу бойынша комиссия қызметін зерттеу.

**3. Оқыту міндеттері:**

Студент білуі және істей алуы тиіс:
1.комиссияның жұмысын ұйымдастыру.
2.комиссия құрамы;
3.аккредиттеу жөніндегі комиссияның қызметі;
4.аккредиттеу жөніндегі комиссияның өкілеттіктері;
5.комиссияның негізгі міндеттері.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1.Аккредиттеу жөніндегі комиссия туралы ереже.
2.Аккредиттеу жөніндегі комиссияның негізгі қызметтері.
3.Аккредиттеу туралы шешімді аппеляциялау тәртібі.
4.Аккредиттелген медициналық ұйымдардың тізімін және аккредиттеу жөніндегі органның логотипін жариялау тәртібі қандай?

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** TBL, Оқу кейстері

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

1.Жағдайлық есептерді шығару.
2. Қорытынды.
Әр тапсырманы орындау уақыты сабақ уақытына қарай қойылады.

**Сабақты жүргізу сценарийі:**

Пәннің негізгі мақсаты студенттерге аккредиттеу стандарттарына қызметтің сәйкестігін сыртқы кешенді бағалау негізінде медициналық ұйымдарды аккредиттеу тәртібі жайлы білімін қалыптастыру. Ол үшін студенттер аккредиттеу кезеңдерін, сыртқы кешенді бағалау тәртібін, сарапшыларға қойылатын тәртіпті, сараптау тобының жұмыс тәртібі мен аккредиттеу жөніндегі комиссияның сыртқы кешенді бағалау қорытындысы бойынша қабылдайтын шешім түрлерін білуі тиіс.

## Жағдайлық есептер

### 1-жағдайлық есеп

Қалалық емхана аккредиттеуден өтуді жоспарлап, төмендегідей құжаттарды тапсырды: өтініш, өзін-өзі бағалау нәтижесі, мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі, жарғының көшірмесі, 3 жыл жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмесі.
Сұрақтар:

1. Құжаттардың толық тапсырылғанына сараптама жасаңыздар.
2. Өтініш қабылданғаннан кейінгі аккредиттеуші органның іс-әрекеті қандай?

### 2-жағдайлық есеп

Облыстық клиникалық ауруханаға аккредиттеу комиссиясының шешімімен сыртқы кешенді бағалау жұмыстарын жүргізу үшін сарапшылар тартылды.
Сұрақтар:
1. Сараптау тобының мүшесі болу үшін қандай талаптарға сәйкес болу керек?
2. Сарапшылар қандай жағдайда медициналық ұйымды сыртқы кешенді бағалауға тартылмайды?

### 3-жағдайлық есеп

Жедел жәрдем ауруханасын аккредиттеу үшін құрамы 5 адамнан тұратын сарапшылар тобы келді.
Сұрақтар:

1. Сараптау тобының іс-әрекеті қандай болмақ?
2. Сараптау тобы мекеменің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін қалай бағалайды?

### Жағдайлық тапсырмаларды бағалау критерийі

| **Сабақты жүргізу әдісі** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| **Жағдайлық тапсырмаларды талқылау** | **Өте жақсы**<br>Бағаға сәйкес :<br>А (95-100%);<br>А- (90-94%) | - Жағдайлық тапсырмаларды талдауда және шешуде белсенді қатысты. Сұрақтарға нақты жауап берді. |
| | **Жақсы**<br>Бағаға сәйкес:<br>В+ (85-89%);<br>В ( 80-84%);<br>В- ( 75-79%);<br>С+ ( 70-74%). | - Жағдайлық тапсырмаларды шешуде және талдауда белсенділік танытты.<br>- Аса маңызды емес қателіктер жіберіп, оқытушының қосымша сұрақтарына жауап берді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қанағаттанарлық**<br>Бағаға сәйкес:<br>C (65-69%);<br>C- ( 60-64%);<br>D+ (55-59%);<br>D (50-54%). | - Жағдайлық тапсырмаларды шешуде және талдауда белсенділік танытпады. Маңызды қателіктер жіберді. |
| | **Қанағаттанарлық сыз**<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (25-49%)<br>F(0-24%) | - Маңызды қателіктер жіберді.<br>- Сабаққа дайындалмаған.<br>- Шағын топпен жұмыс жасамады. |

**Білім деңгейінің қорытындысы.**
Білім алушылармен кері байланыс орнату тақырып бойынша ауызша сұрау. Әр студент жауап берген соң оқытушы олардың жауаптарын түзеп, талдау жасайды. Ауызша сұраққа жауап беру уақыты 5 минут.

| **Бақылау түрі** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| **Ауызш ажауап** | **Өте жақсы**<br>Бағаға сәйкес :<br>A (95-100%);<br>A- (90-94%) | Білім алушы жауап берген кезде қатесіз және толық жауап берді. Берілген пәннің теорияларын, концепцияларын, бағыттарын түсінеді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдалана біледі. |
| | **Жақсы**<br>Бағаға сәйкес:<br>B+ (85-89%);<br>B ( 80-84%);<br>B- ( 75-79%);<br>C+ ( 70-74%). | Білім алушы жауап берген кезде қатесі шамалы студенттің өзімен жөнделді, оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалды жүйелендірді. |
| | **Қанағаттанарлық**<br>Бағаға сәйкес:<br>C (65-69%);<br>C- ( 60-64%);<br>D+ (55-59%);<br>D (50-54%). | Білім алушы жауап берген кезде қатесі шамалы болды, тек оқу әдебиетімен шектелді, материалды жүйелендіру кезінде қиыншылыққа тап болды. |
| | **Қанағаттанарлық сыз**<br>Бағаға сәйкес:<br>FX (25-49%)<br>F(0-24%) | Білім алушы жауап берген кезде қате жауап берді, оқу әдебиетімен жұмыс істемеген, пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана білмейді, стилистикалық және логистикалық дөрекі қатемен жауап береді. |

**4. Білімді бағалау критерийі**

| № | Білім алушы | Сабаққа дайындалу (тест) | Презентация 15% | Топта жұмыс (жағдайлық | Қорытынды (кері |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аты-жөні | 15% | | тапсырма) 40% | байланыс) Ауызша сұрау 10% |
| | | 5 минут | 10 минут | 30 минут | 5 минут |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Қорытынды**

«Денсаулық сақтау жүйесіндегі сапаны бақылау» пәні студенттерге қазіргі кездегі денсаулық сақтау саласы қызметінің сапасына қойылатын талаптар туралы толық ақпарат беретін пән. Білім алушы медициналық ұйымды аккредиттеу тәртібі, сарапшыларға қойылатын талаптар, сараптау тобының жұмысы мен аккредиттеу жөніндегі комиссия отырысының қорытындылары туралы толық мәлімет алды.

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1. Медициналық қызметтердің сапасы бойынша біріккен комиссия құру ережесі қашан қабылданды?
2. Комиссияны құру тәртібінің кезеңдері қандай?
3. Комиссия міндетіне не кіреді?
4. Комиссия құқығын атаңыз.
5. Сыртқы кешенді бағалау жүргізу бойынша сарапшылардың жұмысын қалай бағалайсыз?
6. Аккредиттеу жөніндегі сарапшы қандай қасиеттерге ие болуы тиіс?

**№4 сабақ**

**1. Тақырыбы:** Медициналық мекемелерді халықаралық аккредиттеу.

**2. Мақсаты:** денсаулық сақтауды халықаралық аккредиттеуді оқып үйрену.

3**. Оқыту міндеттері:**

Студент білуі және істей алуы тиіс:

1. медициналық мекеменің аккредиттеу деңгейлерін;
2. аккредиттеумен айналысатын халықаралық ұйымдарды;
3. JCI аккредиттеу қағидаларын.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Жиырмасыншы ғасырдың басында аккредиттеуді қолданған елдер.
2. Ауруханалар үшін алғашқы стандарттар.
3. JCI аккредиттеу.
4. JCI аккредиттеуі кезінде ескерілетін жағдайлар.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** пікірталас, шағын топтармен жұмыс

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1. Халықаралық аккредиттеуге қалай дайындалу керек?
2. АҚШ-тағы ең ірі және беделді аккредиттеу мекемесі қалай аталады?
3. Қандай клиникалар аккредиттеуден өтеді?
4. JCI аккредиттеу туралы не білесіз?

**№5 сабақ**

**1.Тақырыбы:** Денсаулық сақтау басқармаларындағы жергілікті басшыларды аттестаттауды ұйымдастыру.

**2. Мақсаты:** денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарының басшыларын аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережелерімен таныстыру.

**3. Оқыту міндеттері:**

1. денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органдарының басшыларын аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу;
2. қызметтік мінездеме құру;
3. аттестаттау парағын толтыру.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Денсаулық сақтау басшыларын аттестаттауды өткізу тәртібі.
2. Басшыларды аттестаттау үшін қажетті құжаттар.
3. Аттестаттау кезіндегі бағалаудың негізгі критерийлері.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1. Аттестаттау үшін кадр қызметі қандай құжаттар ұсынады?
2. Басшылар аттестаттаудан қаншалықты жиі өтеді?
3. Аттестаттау кезінде бағалаудың негізгі критерийлері қандай?

**№6 сабақ**

**1. Тақырыбы:**Аттестация өткізу

**2. Мақсаты:** аттестацияны өткізу тәртібімен таныстыру.

**3. Оқыту міндеттері:**

1. аттестация өткізу тәртібін;
2. аттестаттау комиссиясының шешімін;
3. қайта аттестаттаудан өту мерзімін.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Аттестация өткізуге дайындық іс-шаралары.
2. Аттестаттау комиссиясының шешімдері
3. Қайта аттестаттау мерзімі.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.
**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**
1. Аттестаттаудан өтпегендігі туралы қорытындыға не негіз болады?
2. Аттестаттау комиссиясының шешімін қашан және кім бекітеді?
3.Аттестаттау парағы қайда сақталады?

**№7 сабақ**
**1. Тақырыбы:** Денсаулық сақтауды лицензиялау. Лицензия беру тәртібі мен шарттары.
**2. Мақсаты:** медициналық қызметті лицензиялау ережелерімен таныстыру.
**3. Оқыту міндеттері:**
1.медициналық қызметті лицензиялаудың мақсатын;
2. лицензия беру туралы өтінішті қарау мерзімдерін;
3. лицензияланатын медициналық қызмет құрамына кіретін жұмыстар мен қызметтердің тізбесін.
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. "Лицензиялау туралы" заң.
2. Лицензиялаудың негізгі мақсаты.
3. Медициналық қызметтің лицензиясын жүзеге асыру тәртібі.
4. Лицензияны беру мерзімі.
5. Лицензия беру туралы өтінішті қарау мерзімі
**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері, жағдайлық есептерді шешу.
**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау
**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.
**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**
1. Шетелдік адамдарға, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға лицензия беру тәртібі қандай?
2. Лицензия беру туралы өтінішті қарау мерзімін атаңыз.
3. Қандай ұйымдар лицензиялауға жатады?
Лицензия алу үшін қандай құжаттар қажет?
4. Лицензия қандай мерзімге беріледі?
5.Лицензия жоғалған кезде не істеу керек?
6. Лицензияны қайта рәсімдеу қалай жүргізіледі?

**Жағдайлық есептер**
1-есеп
Жеке косметологиялық кабинеттің иесі, өзі қызметкер, медбике лицензиялаушы органға қолда бар лицензиясының мерзімі 30 мамырда бітуіне байланысты 15 мамырда лицензия беру туралы өтініш берді. 30 мамырға дейін лицензиялаушы органның ұсынылған құжаттарды қарауды аяқтамауына байланысты жаңа лицензия алған жоқ.
Сұрақ: 1. Косметологиялық кабинеттің иесі лицензиялаушы орган лицензия беру туралы мәселе қаралуда деп берген анықтамасы негізінде жұмысын жалғастыруға құқығы бар ма?

2. Бұл жағдайда медицина қызметкерінің лицензиясыз қызметі медициналық қызметпен заңсыз айналысу ретінде саралануы мүмкін бе?

2-есеп

Жергілікті өзін-өзі басқару органы (шағын қала) осы аумақтың денсаулық сақтауды басқару органынан рұқсаты жоқ, тек емші дипломы және ҚР осы субъектіге облыс орталығында берілген қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке кәсіпкерге алкоголь және темекі тәуелділігінен емдеу сеанстарын жүргізуге тыйым салды,

Сұрақ: 1. Бұл жағдайда билік құрылымдарының әрекеттері заңды ма? Егер солай болса, онда кәсіпкерге қандай жауапкершілік жүктеледі? Егер жоқ болса, онда өз құқықтарын қорғау үшін қандай іс-әрекеттер жасауы мүмкін?

3-есеп

Қалалық ауруханада жұмыс істейтін және көп пәтерлі үйде тұратын медбике негізгі жұмыстан бос уақытында көршілердің өтініші бойынша оларға дәрілік заттармен инъекция жасайды; бұл ретте көршілер көмек көрсеткені үшін алғыс ретінде оған ақшалай сыйақы береді.

Сұрақ: 1. Бұл жағдайда мейірбикенің іс-әрекеті заңсыз медициналық қызмет ретінде саралануы мүмкін бе?

2. Жеке медициналық қызметпен айналысу үшін қандай құжаттар қажет?

**№8 сабақ**

**1. Тақырыбы:** Медициналық қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары.

**2. Мақсаты:** медициналық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарымен таныстыру.

**3. Оқыту міндеттері:**

1. лицензиялау кезінде қойылатын талаптарды;
2. жеке тұлғаларға лицензия алу үшін құжаттарды;
3. заңды тұлғалардың лицензия алуға арналған құжаттарын;
4. жеке кәсіпкерлердің лицензия алуға арналған құжаттарын.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Жеке тұлғаларға лицензия алу үшін қойылатын талаптар.
2. Лицензияның түрін белгілеу.
3. Медициналық қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым ставкаларын белгілеу.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1. Лицензиялаудың негізгі қағидаларын атаңыз.
2.Лицензия алу үшін қажетті шарттарды атаңыз.
3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары медициналық қызметтің қандай түрлеріне лицензия береді?

**№9 сабақ**

**1.Тақырыбы:** Медициналық қызметтің сапасы мен қауіпсіздігін ішкі бақылаудың біріздендірілген жүйесінің әдіснамалық және ұйымдастырушылық қағидаттары.

**2. Мақсаты:** медициналық қызметтің сапасын бақылауды жүзеге асыру ережелерімен таныстыру.

**3. Оқыту міндеттері:**

1.медициналық қызметтердің сапасын бақылаудың негізгі міндеттерін;
2. медициналық қызметтердің сапасын бақылаудың негізгі қағидаларын;
3. медициналық көмектің тиімділігін бағалауды.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасын бақылауды жұзеге асыру.
2. Стационарлық көмек көрсететін ұйымдарда көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бақылау.
3. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарда көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын бақылау.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері, жағдайлық есептерді шешу.

**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1. Ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасын бақылаудың негізгі міндеттері мен қағидалары.
2.Медициналық қызметтердің сапасын бақылау мәні қандай?
3.Ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасын бақылауды жүзеге асыру тәртібін атаңыз.
4. Мониторингке жататын аурулардың тізімін атаңыз.

**Жағдайлық есептер**

1-есеп

Медициналық көмектің сапасын сыртқы бақылау жүйелі түрде жүзеге асырылады. Оны өткізуге бірнеше субъект қатысады.

Сұрақтар (тапсырма):

Төмендегі ұйымдардың ішінен медициналық көмек сапасын сыртқы бақылау субъектілеріне қатыстысын таңдаңыз:

- лицензиялық комиссия;
- әлеуметтік сақтандыру органы;
- тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы;
- сақтандырушы;
- сақтанушы;
- кәсіби медициналық қауымдастық;
- стандарттау органы.

2-есеп

Медициналық көмектің сапасын ішкі бақылауды денсаулық сақтау жүйесінің лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Сұрақтар (тапсырма):
Медициналық көмек сапасын ішкі бақылау субъектілеріне қатысты төменде аталған лауазымды тұлғаларды таңдаңыз:
- бөлім меңгерушісі;
- сапаны сараптау жөніндегі бас дәрігердің орынбасары;
- бас маман;
- медициналық сақтандыру ұйымының сарапшысы.

3-есеп
Стационардағы медициналық көмектің сапасы емдеуге жатқызуға себеп болған ауруларды диагностикалаудың сапасына тікелей байланысты.
Сұрақтар (тапсырма):
Төменде келтірілген көрсеткіштерден стационардағы дәрігерлік диагностиканың сапасын сипаттайтын көрсеткішті таңдаңыз және жасалған таңдаудың негізденіз:
- өлім-жітім;
- клиникалық және патологоанатомиялық диагноздардың айырмашылық пайызы;
- науқастың стационарда болуының орташа ұзақтығы;
- өлімдер, аурулар.

4-есеп
ДДҰ мамандары сапалы медициналық көмекті бағалау үшін арнайы өлшемдер әзірледі.
Сұрақтар (тапсырма):
Төменде көрсетілген критерийлердің ішінен ДДҰ ұсынымдарына сәйкес сапалы медициналық көмекті таңдап, олардың мәнін ашыңыз:
- адекваттылық;
- технологиялылық;
- үнемділік;
- тиімділік;
- басқару.

5-есеп
Медициналық көмектің сапасын арттыру үшін жіберілген қателіктерге талдау жүргізу, олардың себептерін анықтау және оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге бақылау жүйелі түрде жүргізілуі қажет.
Сұрақтар (тапсырма):
Медициналық ұйымда медициналық көмектің сапасы мәселелері бойынша дәрігерлік конференциялар қаншалықты жиі өткізілуі тиіс?
Таңдалған кезеңділіктің негізденіз:
- ай сайын;
- тоқсан сайын;
- жарты жылда 1 рет;
- жылына 1 рет.

Жауаптар
1-есеп
Медициналық көмектің сапасын сыртқы бақылау субъектілері стандарттау органынан басқа аталған барлық ұйымдар болып табылады.

2-есеп
Медициналық көмектің сапасын ішкі бақылау субъектілеріне медициналық сақтандыру ұйымының сарапшысынан басқа, аталған барлық лауазымды тұлғалар жатады.
3-есеп
Стационардағы дәрігерлік диагностиканың сапасы клиникалық және патологоанатомиялық диагноздардың сәйкессіздік көрсеткіші негізінде бағаланады.
4-есеп
ДДҰ-ның ұсынымдарына сәйкес медициналық көмек сапасының критерийлері:
1. адекваттылық - тұтынушылар мен өндірушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігі;
2. технологиялылығы-медицина ғылымы мен техникасының қазіргі заманғы даму деңгейіне сәйкестігі;
3. үнемділік-алынған нәтиженің шығындарға сәйкестігі;
4. тиімділік-нақты нәтиженің жоспарға сәйкестігі.
5-есеп
Медициналық көмектің сапасын арттыру үшін жіберілген қателіктерге бақылау жүргізу, олардың себептерін анықтау және оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу нәтижелерін тоқсан сайын қарау қажет.

**№10 сабақ**
**1. Тақырыбы:** Біліктілік санатын тағайындау тәртібі
**2. Мақсаты:** біліктілік санатын беру тәртібімен таныстыру.
**3. Оқыту міндеттері:**
1. біліктілік санатын беру тәртібін;
2. санат беру үшін қажетті құжаттарды;
3. біліктілік санатының түрлерін.
**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. Біліктілік санатына үміткерлер.
2. Біліктілік санатын бағалау кезеңдері.
3. Санат беру тәртібі.
**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/ әдістері/ технологиялары:** Оқу кейстері, TBL
**6. Пәнді ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** Чек листі қолдана отырып бағалау
TBL
1. Презентация.
2. Жағдайлық есептерді шығару.
3. Қорытынды.
Әр тапсырманы орындау уақыты сабақ уақытына қарай қойылады.

**Сабақты жүргізу сценарии:**
Пәннің негізгі мақсаты студенттерге біліктілік санатын беру жайлы білімін қалыптастыру. Ол үшін студенттер біліктілік санаттарын, оларды алу тәртібі мен қойылатын талаптарды, қажетті құжаттарды рәсімдеу тәртібін білуі тиіс.

**1 кезең** Әрбір топ өздерінің тақырыбына сәйкес презентациясын қорғауға 10 минут беріледі. Презентацияда жоспар, тақырыпқа сай ақпарат (кестелер, суреттер, сызбалар) болуы тиіс.

**Тақырыптың презентациясын бағалау критерийлері**

| **Бақылау Түрі** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| **Презентация** | **Өте жақсы**<br>Бағаға сәйкес :<br>А (95-100%);<br>А- (90-94%) | 5 әдебиетті қолдана отырып 20 -дан кем емес слайдтар дайындалған.Слайдтар сапалы мазмұнды. Қорғау кезінде терең білім көрсетті. Сұрақтарға толық жауап берді. |
| | **Жақсы**<br>Бағаға сәйкес:<br>В+ (85-89%);<br>В ( 80-84%);<br>В- ( 75-79%);<br>С+ ( 70-74%); | 4 әдебиетті қолдана отырып 18- ден кем емес слайдтар дайындалған.Слайдтар сапалы мазмұнды. Қорғау кезінде терең білім көрсетті. Сұрақтарға толық жауап берді, кейбір жауаптарда кемшіліктер жіберді. |
| | **Қанағаттанар лық**<br>Бағаға сәйкес:<br>С (65-69%);<br>С- ( 60-64%);<br>D+ ( 55-59%);<br>D( 50-54%). | 3 әдебиетті қолдана отырып 15-тен кем емес слайдтар дайындалған.Слайдтар сапалы емес. Қорғау кезінде терең білім көрсетпеді. Сұрақтарға толық жауап бермеді, кейбір жауаптарда кемшіліктер жіберді. |
| | **Қанағаттанар лықсыз**<br>FX ( 25-49%)<br>F ( 0-24%) | 3 әдебиетті кем қолдана отырып 10-нан кем слайдтар дайындалған.Слайдтар сапалы емес. Қорғау кезінде тақырыпты білмейді Сұрақтарға толық жауап бермеді, кейбір жауаптарда кемшіліктер жіберді. |

**2-кезең.** Білім алушы топ бойынша жұмыс жасайды. Әрбір топта кем дегенде үш студент болуы тиіс. Оқытушы әр топқа тапсырма береді. Тапсырманы орындап, топтар бір-бірімен пікір алмасады. Егер жауап толық болмаса, келесі топтың жауапты толықтыруына болады.

**Жағдайлық есептер**

**1-жағдайлық есеп**

ОҚМА-ның түлегі 3 жылдан бері қалалық емхананың бірінде учаскелік терапевт болып қызмет атқарады. Біліктілік санатын алу мақсатында құжаттар жинауға бел байлады.
Сұрақтар:
1.Учаскелік терапевттің біліктіліктің санатын алуға мүмкіндігі бар ма, бар болса қай санат?
2. Біліктілік санатын алу үшін қандай құжаттар жинауы тиіс.

**2-жағдайлық есеп**

Қалалық аурухананың бірінші санаттағы хирургы, еңбек өтілі 20 жыл, соңғы 7 жылда еш жерде біліктілігін арттырмаған, біліктіліктің жоғары санатын алуды жоспарлады.

Сұрақтар:
1. Бірінші санаттағы хирургтің жоғары санат алуға мүмкіндігі бар ма?
2. Біліктілік санатын алу тәртібі қандай?

**3-жағдайлық есеп**

Ауылдық дәрігерлік амбулаторияның меңгерушісіне біліктілік санатын тағайындау үшін емтиханға жіберілді.

Сұрақтар:
1. Біліктілік емтиханын тапсыру тәртібін атаңыз.
2. Мамандандырылған комиссияның құрамы мен жұмыс істеу тәртібін атаңыз.

**Жағдайлық тапсырмаларды бағалау критерийі**

| Сабақты жүргізу әдісі | Баға | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| **Жағдайлық тапсырмаларды талқылау** | **Өте жақсы**<br>Бағаға сәйкес :<br>А (95-100%);<br>А- (90-94%) | - Жағдайлық тапсырмаларды талдауда және шешуде белсенді қатысты. Сұрақтарға нақты жауап берді. |
| | **Жақсы**<br>Бағаға сәйкес:<br>В+ (85-89%);<br>В ( 80-84%);<br>В- ( 75-79%);<br>С+ ( 70-74%); | - Жағдайлық тапсырмаларды шешуде және талдауда белсенділік танытты.<br>- Аса маңызды емес қателіктер жіберіп, оқытушының қосымша сұрақтарына жауап берді. |
| | **Қанағаттанарлық**<br>Бағаға сәйкес:<br>С (65-69%);<br>С- ( 60-64%);<br>D+ ( 55-59%);<br>D( 50-54%). | - Жағдайлық тапсырмаларды шешуде және талдауда белсенділік танытпады. Маңызды қателіктер жіберді. |
| | **Қанағаттанарлықсыз**<br>FX ( 25-49%)<br>F ( 0-24%) | Маңызды қателіктер жіберді.<br>Сабаққа дайындалмаған.<br>Шағын топпен жұмыс жасамады. |

**3 кезең. Білім деңгейінің қорытындысы.**

Білім алушы кері байланыс орнату тақырып бойынша ауызша сұрау. Әр білім алушы жауап берген соң оқытушы олардың жауаптарын түзеп, талдау жасайды. Ауызша сұраққа жауап беру уақыты 5 минут.

| Бақылау түрі | Баға | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Ауызш ажауап** | **Өте жақсы**<br>Бағаға сәйкес :<br>А (95-100%);<br>А- (90-94%) | Білім алушы жауап берген кезде қатесіз және толық жауап берді.Берілген пәннің теорияларын, концепцияларын, бағыттарын түсінеді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдалана біледі. |
| | **Жақсы**<br>Бағаға сәйкес:<br>В+ (85-89%);<br>В ( 80-84%);<br>В- ( 75-79%);<br>С+ ( 70-74%); | Білім алушы жауап берген кезде қатесі шамалы студенттің өзімен жөнделді, оқытушының жетекшілігімен бағдарламалық материалды жүйелендірді. |
| | **Қанағаттанар лық**<br>Бағаға сәйкес:<br>С (65-69%);<br>С- ( 60-64%);<br>D+ ( 55-59%);<br>D( 50-54%). | Білім алушы жауап берген кезде қатесі шамалы болды, тек оқу әдебиетімен шектелді, материалды жүйелендіру кезінде қиыншылыққа тап болды. |
| | **Қанағаттанар лықсыз**<br>FX ( 25-49%)<br>F ( 0-24%) | Білім алушы жауап берген кезде қате жауап берді, оқу әдебиетімен жұмыс істемеген, пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана білмейді, стилистикалық және логистикалық дөрекі қатемен жауап береді. |

**Білімді бағалау критерийі**

| № | Білім алушы аты-жөні | Сабаққа дайындалу (тест) 15% | Презентация 15% | Топта жұмыс (жағдайлық тапсырма) 40% | Қорытынды (кері байланыс) Ауызша сұрау 10% |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 минут | 10 минут | 30 минут | 5 минут |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Қорытынды**

«Денсаулық сақтау жүйесіндегі сапаны бақылау» пәні денсаулық сақтау саласындағы медициналық қызмет сапасына қойылатын талаптарды қарастыратын пән. Білім алушы мамандарды аттестаттау, біліктілік санаттарын алу және қойылатын талаптар туралы толық мәлімет алды.

**7. Әдебиет:** №1- қосымшаны қараңыз.

**8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т. б.):**

1. Медициналық қызметкерлердің біліктілік санаттарын алу тәртібі туралы ережені кім бекітеді?
2. Медициналық қызметкерлердің біліктілігін бағалау кезеңдерін атаңыз.

3. Біліктілік санатын беру туралы шешімді кім шығарады?
4. Біліктілік санатын беруде аттестаттау ерекшеліктері қандай?
5. Маманға біліктілік санатын беруден қандай жағдайларда бас тартады?

**Қосымша №1**

**Әдебиет:**

**Негізгі әдебиеттер**

Экономика здравоохранения : учебное пособие / под ред. М. Г. Колосницыной. - 2-е изд., перераб. и доп. ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 464 с.
Касымова, Б. Т. Денсаулық сақтау экономикасы : оқу құралы / Б. Т. Касымова, Қ. М. Сисенгалиева, Л. К. Магзумова. - Алматы : Эверо, 2016. - 260 бет. с.
Рахыпбеков, Т. К. Денсаулық сақтау саласындағы экономикалық талдау әдістері : оқу құралы / Т. К. Рахыпбеков. - Алматы : АҚНҰР, 2016. - 340 бет. с. -
Экономика здравоохранения: учебник / под ред. А. В. Решетникова. - 2-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 192 с.
Сыздықова, К. Ш. Денсаулық сақтаудағы экономика мен маркетинг: дәрістік топтама / К. Ш. Сыздықова, Ж. С. Төлебаев, А. А. Маукенова. - Алматы : АҚНҰР, 2015. - 214 бет.
Токкулиева, Б. Б. Денсаулық сақтаудағы экономика және қаржыландыру негіздері : оқу құралы / Б. Б. Токкулиева. - ; ОҚМФА Әдіст. Кеңес мәжілісінде бекіт. және баспаға ұсынған. - Алматы : Эверо, 2014. - 208 бет. С

**Қосымша әдебиеттер**

Гриффин, Р. Менеджмент = Management : оқулық / Р. Гриффин ; Қаз.тіл.ауд. Г.А. Абдуллина [және т.б.]. - 12- басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 768 б. с. : сур.-(Рухани жаңғыру).
Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 1 : учебник / М-во образования и науки РФ ; под ред. В. З. Кучеренко. - ; Рек. ГБОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 688 ил.
Общественное здоровье и здравоохранение, экономика здравоохранения. В 2 т. Т. 2 : учебник / М-во образования и науки ; под ред. В. З. Кучеренко. - ; Рек. ГБОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 160 с. : ил.

**Электронды басылымдар**

Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. ( 43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. ( 47,6 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 608 с. эл. опт. диск (CD-ROM) : ил. - (Электронный учебник).
Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау: оқулық /М.Ә. Бөлешов.- Алматы: Эверо, 2020. - 244 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/674/
Развитие системы здравоохранения Казахстана на рубеже веков
(исторический анализ). Баймагамбетов С.З., Альжанова Р.С.– Учебное пособие. – Алматы: Эверо, 2020. 120 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/68/
Қоғамдық денсаулықты сақтау : Оқу құралы. . - 2-ші басылым - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 184 б. Сарсенбаева, Г.Ж. /РМЭБ/http://rmebrk.kz/book/1173749
Денсаулық сақтау жүйесіндегі персоналды басқару: практикум (2-

ші басылым). А.А. Маукенова, К.К. Джампеисова, Л.С. Нурпеисова. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. - 122 бет./ https://aknurpress.kz/reader/web/1855

Денсаулық сақтау жүйесіндегі персоналды басқару: оқу құралы (2-ші басылым). А.А. Маукенова, К.К. Джампеисова, Л.С. Нурпеисова. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2019. - 234 бет./ https://aknurpress.kz/reader/web/1852

Денсаулық сақтаудағы менеджмент: дәрістік топтама (2-ші басылым). Ж.С. Төлебаев, К.Ш. Сыздықова, А.А. Маукенова, Л.Т. Алшембаева / – Алматы: ЖК «АҚНҰР баспасы», – 2019. – 258 бет./ https://aknurpress.kz/reader/web/1367

Сапаны басқару және менеджмент жүйелері: оқулық (2-ші басылым). Ф.Р. Ермаханова. - Қарағанды: ЖК «АҚНҰР баспасы», 2019. – 284 б. https://aknurpress.kz/reader/web/1121

Денсаулық сақтаудағы экономика және маркетинг: дәрістік топтама (2-ші басылым). Ж.С. Төлебаев, К.Ш. Сыздықова, А.А. Маукенова. – Алматы: ЖК «АҚНҰР баспасы», - 2019. - 214 бет./ https://aknurpress.kz/reader/web/1368

Менеджмент в здравоохранении: учебное пособие (2-ое издание). К.Ш. Сыздыкова, Ж.С. Тулебаев, А.Р. Рыскулова. – Алматы: ИП «АҚНҰР», 2019. - 236 с./ https://aknurpress.kz/reader/web/1365

Менеджмент качества : Практикум. Залучёнова, О.М.. - Алматы: Университет «Туран», 2018. - 96 с. - ISBN 978-601-214-375-1. http://rmebrk.kz/book/1170570